

Қ. Н. Әбуғалиев, Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының Ғылыми-зерттеу институтының ІІО қызметін реттейтін заңнаманы зерттеу және мониторингтеу мәселелері бойынша орталықтың аға қызметкері, филология ғылымдарының кандидаты;

Е. С. Алиев, Ғылыми-зерттеу институтының қылмыстарды тергеу мәселелерін зерттеу бойынша орталықтың қызметкері

ТАҒЫ ДА ТЕРРОРИЗМ ХАҚЫНДА

Аннотация. Мақала авторлары Қазақстанда экстремистік көріністердің себептерін қарастырады, республикадағы экстремистік қызметке қарсы әрекеттің негізгі бағыттарын қозғаған.

Түйін сөздер: адам құқықтары, терроризм, лаңкестік, экстремизм, Шанхай Ынтымақтастық ұйымы, теракті.

Жалпы Қазақстанда террористік және экстремистік іс-әрекеттерді анықтау және оның жолын кесу үшін заңнамалық және ұйымдастырушылық негіздерді жасау және жетілдіру жөнінде айтарлықтай жұмыстар атқарылып келеді. Алғаш 1999 жылғы шілдеде республикада терроризмге қарсы күрестің құқықтық және ұйымдастырушылық негіздерін, мемлекеттік органдардың және барлық меншіктік формаларындағы ұйымдардың қызмет тәртібін, сондай-ақ терроризмге қарсы күресті жүзеге асырумен байланысты азаматтардың құқықтарын, міндеттері мен кепілдіктерін айқындайтын «Терроризмге қарсы күрес туралы» заң қабылданды¹. Ал, 2003 жылғы желтоқсанда Президенттің жарлығымен терроризмнің және діни экстремизмнің көріністерімен күресте барлық қауіпсіздік қорғау құрылымдарының неғұрлым тиімді жұмыс істеуі үшін Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Терроризмге қарсы күрес орталығы құрылды және оған барлық арнайы құрылымдардың, құқық қорғау органдарының және өзге де ведомстволардың қызметін үйлестіру жүктелді. Сондықтан да елімізде мұндай кеңестің өткізілуі заңды да. БҰҰ мен Шанхай ынтымақтастық ұйымының ұйытқы болуымен өткен кеңесте Орталық Азиядағы террористік және экстремистік іс-әрекеттерге, сондай-ақ есірткі тасымалы мен ұйымдасқан қылмыстық топтарға қарсы бірлесе күресу мәселелері сөз болды. Аталмыш халықаралық ұйымдармен тізе қоса отырып, Қазақстан жағы белсенді әрекеттерімен соңғы уақыттарда Орта Азия жеріндегі көрініс тауып жатқан түрлі лаңкестік әрекеттер мен қылмыстық топтарға тосқауыл қоюдың жолдарын қарастыруда. Бұған Қазақстанның Біріккен ұлттар ұйымымен тығыз ынтымақтастық байланыстары оң жол ашып отыр.

Әлемдік қауымдастықты алаңдатып отырған Лаңкестікке қарсы жаһандық стратегиясын БҰҰ-ның Бас Ассамблеясы 2006 жылы мақұлдаған болатын. Аталған кеңес жұмысы осы стратегия ауқымында өрбіді. Кеңес жұмысында ауқымды баяндама жасаған БҰҰ Бас хатшысының арнайы өкілі Мирослав Енча аймақтағы белең алып бара жатқан лаңкестікпен күреске қарсы бағыттталып отырған шараларға кеңінен тоқталып өтті. Кезегімен сөз алған сарапшылардың барлығы да БҰҰ Бас Ассамблеясының терроризмге тосқауыл қоюға бағытталған әрекеттеріне сай пікірлерін ортаға салды.

Сонымен қатар, соңғы кезде аймақта белсенді әрекетке көше бастаған трансұлттық ұйымдасқан қылмыстық топтардың әрекеттерінің алдын алудың жолдарын қарастырды. Мәселен, биыл Ауғанстаннан халықаралық терроризмге қарсы коалиция әскері шығарылады. Осыған орай бұл аймақтағы тұрақсыздық, жанжал, тіпті, шиеленісе түсуі мүмкін. Сарапшылар «Ауғанстанның солтүстігіндегі содырлардың базасы Орталық Азияға қарай жылжып келеді. Сондықтан, олармен күресті күшейту керек» деген байламдар жасады. Жан-жақты пікір алмасылып, нақты жағдайлар айқындалғаннан кейін БҰҰ мен ШЫҰ қатысушы мемлекеттердің өкілдері терроризмге қарсы бірлесіп күресудің жаңа жоспарларын жасады². 2011 жылдың 15 маусымында Астанада Шанхай

ынтымақтастық ұйымының он жылдығына арналған мерейтойлық саммит өтті. ШЫҰ мүше-мемлекеттер ұйымның он жылдық қызметінің қорытындысын шығарды және бұл ұйымның болашақтағы даму мәселелерін талқылады. ШЫҰ-на мүше-мемлекеттер саммит қорытындысы бойынша «Астана декларациясын» қабылдады. Астана декларациясында, «ұйымның басым бағыттары алдағы уақытта қауіпсіздік, экономика және халықтың әл-ауқатын жақсарту саласындағы ынтымақтастық болып қалатындығы тағы да қуатталды. Сонымен қатар «Астана декларациясында» «өткен жылдардағы ұйым қызметіндегі жетістіктерді негізге ала отырып, мүше-мемлекеттер өзара келісім, өзара тиімділікке қол жеткізу, тең құқылықпен, өзара кеңесу, көп салалы мәдениеттерді құрметтеу, бірлесе отырып дамуға ұмтылу, ШЫҰ құжаттарының негізгі мақсаттары мен қағидаларын өзара ақылдасып іске асыру саласындағы ынтымақтастықты әрі қарай нығайтуға ниетті» екендігі атап өтілді. Айта кетерлік жайт Қазақстанның ШЫҰ-на төрағалығы уақытында осы ұйым аясында 110 іс-шара өткізіліп, маңызды құжаттар даярланды. Атап айтқанда, есірткі мен қарудың заңсыз айналымына, трансұлттық ұйымдасқан қылмысқа, заңсыз көші-қонға қарсы күрес, сонымен қатар қорғаныс, төтенше жағдайлардың зардаптарын жою мен оларды болдырмау және халықаралық ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бағытындағы барлық ұстанымдар келісілді. Бұның барлығын ЕҚЫҰ-дағы өзінің төрағалығын нәтижелі қорытындылаған Қазақстан Республикасының ШЫҰ-на төрағалық етуіндегі кезекті дипломатиялық жеңісі деп бағалауға болады³.

Егер бүгінгі террористік белсенділік жоспарлы сипатта болатындығы туралы сарапшылардың тұжырымы дұрыс болса, онда террористік қауіп-қатердің артуына жол бермеу мақсатында арнайы кешенді іс-шаралар қолдану қажет. Террористік қауіп-қатерлердің алдын алу түрлері мен әдістерін жетілдіру қажет. Бұған дейін терроризм қаупі болуы ықтимал құбылыс ретінде қарастырылып келсе, ал бүгінде арнаулы қызметтерге шынайы жағдайда терроризммен күресте практикалық тәжірибесі мен дағдыларын шыңдау қажет. Стратегиялық инфрақұрылым объектілерін (мұнай-газ құбырлары, су-жылумен қамту кәсіпорындарын), сондай-ақ мемлекеттік маңызы бар басқа да нысандарды ғана қорғауға ерекше ден қоймай, сонымен қатар терроризмнің салдарынан болған төтенше жағдайларда тұрғындарды да қорғауға бағытталған шараларды да қатар күшейту. Мәселен жер сілкінісі секілді апат кезіндегідей, азаматтардың өздері де, тиісті қызметтер де дағдарысты жағдайда қалай әрекет ету керектігін білуі тиіс. Уақытылы және білікті түсіндіру жұмыстарын жүргізу бойынша жүйені ретке келтіруге ерекше назар аудару қажет. Себебі, объективті, уақытылы және теңгерімді ақпарат беру түрлі деңгейдегі қауесеттердің орын алуына және басқа да арандатушылыққа жол бермеуге мүмкіндік береді. Бірақ, ең бастысы терроризм қаупі тек мемлекеттің жазалаушы қызметінің күшеюіне немесе арнаулы қызметтерді нығайтуға ғана негізделмей, ал бірінші кезекте, терроризмнің таралуына ықпал ететін алғышарттар мен себептерді жоюға бағытталуы қажет. Бүгінде сарапшылар арасында терроризмнің пайда болуына қатысты ортақ пікір жоқ. Біреулері әлеуметтік-экономикалық мәселелердің (кедейшілік, жоқшылық, қоғамның маргиналдануы) ушығуы себепші деп есептейді. Өзгелері – негізін саяси режимнің (қоғамның ашық/жабық дәрежесі, білім деңгейі, құқық және еркіндік деңгейі) ерекшелігінен көреді. Үшіншілері – терроризмнің негізінде әлеуметтік мәдени өзгеріс (белгілі бір құндылықтар мен адамгершілік нормаларының құнсыздануы) жатыр деп есептейді.

Алайда қандайда бір басқа құбылыс секілді терроризмнің де пайда болуына себептердің кешені мен күрделі шиеленіскен мотивтер әсер ететінін түсіну қажет. Ал Қазақстан жағдайында терроризм қауіп-қатерінің күшеюіне ықпал ететін үш негізгі факторды бөліп көрсетуге болады. Біріншіден, әлеуметтік депрессия факторы, әлеуметтік мобильділік каналдарының және лифтілерінің жоқ болуы. Қоғамның маргиналдануы, сонымен қатар байлар мен кедейлер арасындағы алшақтық шарықтау шегіне жеткенде әлеуметтік қарсылықтар туындайды, олардың бір түрі лаңкестер болуы мүмкін. Екіншіден, идеологиялық саладағы мемлекеттік саясат тиімділігінің төмендігі, соның ішінде діни және этносаралық салада, тіл және дін саясатын жүргізудегі формализм. Діни істер бойынша арнайы агенттіктің де құрылуы осы салада жүйелі іс-әрекеттердің қажеттілігін биліктің де мойындап

отырғанын көрсетсе керек. Үшіншіден, терроризм жағдайына шекаралас мемлекеттердегі «шиеленістік ошақтарының» болуы үлкен ықпал етеді. Біздің жағдайда Орталық Азияда тұрақсыздықтың сақталуы аймақтық қауіпсіздіктің негізгі бір факторы⁴. Мысалы, Қырғызстандағы саяси дағдарыстың ушығуы және Тәжікстанда орын алған қарулы қақтығыстар. Осыған байланысты Тәжікстанда, Қырғызстанда және Өзбекстанда түрлі сипаттағы экстремистік және террористік ұйымдардың жандануы.

Жыл сайын терроризм индексін жариялап отыратын «Marle Stoft» британ компаниясының мәліметтері бойынша Гренландия мен Антарктиданы есепке алмағанда, әлемде терроризм қаупі төніп тұрмаған аймақ жоқ. Осындай жіктеу бойынша Қазақстан терроризм қаупі төмен елдер қатарына жатады және көптеген еуропалық елдермен бір деңгейде орналасқан. Ал Ұлыбритания, Франция, Испания және АҚШ секілді елдерде қауіп-қатер деңгейі айтарлықтай жоғары. Сондықтан, терроризм – ортақ қауіп-қатер. Сонымен бірге терроризм қаупін дұрыс бағаламай, оны елемей және жекелей алынған елде қауіптің өзін жоққа шығаруға болмайды. Бірақ терроризмді асыра бағалауға да болмайды, қоғамда дүрбелең салып және үрей мен қорқыныш ұялатып, қоғамдық резонанс әсерін күшейту арқылы террористерге қолдау көрсетуге болмайды, себебі кез келген лаңкестік ең алдымен, кең ақпараттық әсерге есептелген. Осындай теңгерімді ұстап тұру қауіпсіздікті қамтамасыз етудің тиімді жүйесін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Бірақ, ең бастысы — терроризм, экстремизм сияқты қауіп-қатерге төтеп беріп, тиімді қарсы тұрудың ең басты шарты: ол қоғам мен биліктің өзара келісімі, ұлттық бірлік⁵. Осы зұлымдықпен ондаған жылдар бойы күресіп келе жатқан басқа елдердің тәжірибесін зерттеп қарасақ, бірден байқайтынымыз – бірлігін шайқалтып, бірнеше себептермен іштей бөлініп, жіктеліп отырған қоғам, ел, мемлекет ғана осы қауіптің құрбанына айналуы ықтимал. Сондықтан, осы да, басқа да қазіргі заманның сынақтары мен қатерлеріне қарсы тұру үшін – ең алдымен, қоғамның жіктелуіне, бөлінуіне жол бермеу керек.

Резюме

Авторы рассматривают причины экстремистских проявлений в Казахстане, основные направления противодействия экстремистской деятельности в республике.

Resume

The present article is devoted to an actual problem of our society – to counteraction to terrorism. Authors of article reflected the main directions to counteraction of extremist activity in the republic. The important reasons of extremist manifestations in Kazakhstan are specified.

-
- ¹ Қазақстан Республикасының «Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» Заңы. 13 шілде 1999. // online.zakon.kz
 - ² Қазақстанның терроризмге қарсы жүйесі: дөңгелек үстел баяндамаларының жинағы 17 қараша 2011 ж.
 - ³ Мырзабеков М. Қазақстан терроризмге қарсы күресте. 22 шілде 2011 ж. // Abai.kz
 - ⁴ Қазақстан Республикасының «Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің қылмыстық кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимылы туралы шартты ратификациялау туралы» Заңы. 29 наурыз 2011. // online.zakon.kz
 - ⁵ Қазақстан Республикасының «Ядролық терроризм актілерімен күрес туралы халықаралық конвенцияны ратификациялау туралы» Заңы. 14 мамыр 2008. // online.zakon.kz